

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 26 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 желтоқсанда № 6536 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі әкімінің 21.04.2020 № 8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекция басшысының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 2-12-4/210 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің Қосөзек нұктесінде орналасқан "Жортпас" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

P. Үргенішбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК